

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 18 наурызыдағы № 145 қаулысы.

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулардың 2021 жылғы 18 қантардан бастап туындаған қатынастарға қолданылатын 29-тармағын қоспағанда, осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**

**Премьер-Министрі А. Мамин**

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2021 жылғы 18 наурызыдағы

№ 145 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., № 41, 461-құжат):

корсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережеде:

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қызметтік іссапар (бұдан әрі – іссапар) қызметкердің орталық мемлекеттік органның аппарат басшысының, ал мұндай болмаған жағдайда мемлекеттік мекеме

басшысының өкімі бойынша еңбек міндеттемелерін өзінің тұрақты жұмыс орнынан тыс жерде орындау, сондай-ақ кәсіптік деңгейі мен біліктілігін арттыру және қайта даярлану үшін белгілі бір мерзімге сапары болып табылады.

Мемлекеттік мекеменің құрамына кіретін бөлімшелер басқа елді мекенде орналасқан жағдайда жеке еңбек шарты (осы мемлекеттік мекеменің бұйрығы) негізінде жұмыс істейтін құрылымдық бөлімше тұрақты жұмыс орны болып саналады.

## 2. Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін іссапарға жіберуді:

- 1) баратын жері мен ұйымның атауы;
- 2) іссапарда болу мерзімі;
- 3) іссапардың мақсаты;
- 4) іссапар шығыстарын өтеу шарттары:

тәулікақыны өтеу үшін күндер саны;

тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстарды өтеу үшін күндер саны (бірнеше елді мекенге іссапарға жіберу кезінде әрбір елді мекенде болатын күндер саны);

бағытын көрсете отырып, жол жүру шығыстары өтелетін көлік түрі көрсетілген бұйрықтың (өкімінің) негізінде орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы, ал мұндай болмаған жағдайда осы мемлекеттік мекеменің басшысы жүргізеді.

3. Қызметкерлер іссапарының мерзімін орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы, ал мұндай болмаған жағдайда мемлекеттік мекеменің басшысы анықтайды, алайда ол жолда жүру уақытын есептемегендеге 40 күннен (кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға және қайта даярлауға жіберуді қоспағанда, сондай-ақ егер іссапар жедел-іздестіру қызметіне байланысты болмаса) аспауға тиіс. Қызметтік қажеттілік болған жағдайда іссапар мерзімі орталық мемлекеттік органның аппарат басшысының, ал мұндай болмаған жағдайда осы мемлекеттік мекеме басшысының тиісті бұйрығымен ұзартылуы мүмкін".

**2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.04.2022 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2022 № 355 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. "Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1127 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесінде:

1-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2. Мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу:

1) мемлекеттік орган – бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) әкімшісі басшысының не оны алмастыратын тұлғаның;

2) аппарат басшысының орталық мемлекеттік органның басшысымен келісілген шешімі бойынша жүргізіледі деп белгіленсін.".

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.12.2023 № 1195 қаулысымен.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2022 № 355 қаулысымен.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

8. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысында ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 530-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ережеде:

21-тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) еңбек қатынастарының мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған персоналды қоспағанда, заңнамада белгіленген тәртіппен дипломатиялық қызмет персоналын көтермелейді және тәртіптік жазалар қолданады";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады.".

9. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысында ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады";

мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:

"23-1. Аппарат басшысы аумақтық органдар басшыларының орынбасарларын лауазымға тағайындейді және лауазымнан босатады.".

10. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысында ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 168-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады.".

11. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.07.2023 № 586 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының заң қызметтері туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қарашадағы № 1072 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., № 41 , 454-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының заң қызметтері туралы үлгі ережеде:

8-тармақтың он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік органның норма шығармашылық қызметін, нормативтік құқықтық актілер жобаларының, сондай-ақ "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 6), 7), 8), 9) тармақшаларында көзделген, әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге тиіс нормативтік құқықтық актілердің заң сараптамасының нәтижелері бойынша Әділет министрлігінің ескертулерін тұрақты негізде талдайды және талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік органның бірінші басшысына, сондай-ақ мемлекеттік органның аппарат басшысына оны жетілдіру және анықталған кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар енгізеді және жылына екі рет жартыжылдықтан кейінгі айдың 10-күніне дейін Әділет министрлігіне жүргізілген талдау және қабылданған шаралар туралы ақпарат жібереді";

9-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік орган басшысының немесе орталық атқарушы органның аппарат басшысының келісімімен Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын және мемлекеттік органның құқықтық мәселелер жөніндегі құжаттарын әзірлеу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын насихаттау жөніндегі іс-шаралар мен мемлекеттік органда жалпыға бірдей құқықтық оқытууды іске асыру үшін басқа құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерін тартуға құқылы.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органның басшысымен келісу бойынша мемлекеттік органның аппарат басшысы, ал мұндай болмаған жағдайда мемлекеттік органның бірінші басшысы сыйлықақы берудің қолданылып жүрген жүйесін және бар мүмкіндіктерді ескере отырып, заң қызметінің қызметкерлеріне қосымша материалдық ынталандыру белгілеуге құқылы.".

13. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.04.2022 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.04.2022 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**15. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.07.2023 № 622 қаулысымен.**

**16. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2021 № 590 қаулысымен.**

17. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 1539 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 8, 159-құжат):

1) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155 Жарлығының 7-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларымен марапаттау (ведомстволық наградаларынан айыру) қағидаларында:

11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссия ведомстволық наградалармен марапаттауға (ведомстволық наградалардан айыруға) объективті көзқарасты қамтамасыз ету үшін осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларының тізбесінде айқындалған орталық мемлекеттік органдарда – аппарат басшысының, ал сыртқы саяси қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органда мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен тұрақты негізде құрылады.";

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы, ал сыртқы саяси қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органда мемлекеттік органның басшысы Комиссия шешім шығарған кезден бастап күнтізбелік 10 күн ішінде:

1) Комиссия шешімінің негізінде;

2) осы мәселе Мемлекет басшысының актілерінен туындаған жағдайда оны Комиссия қарауына шығармай, ведомстволық наградалармен марапаттау (ведомстволық наградалардан айыру) туралы бұйрық шығарады.

15. Ведомстволық наградадан айырылған адам оны мемлекеттік органның аппарат басшысының, ал сыртқы саяси қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органда мемлекеттік орган басшысының тиісті бұйрығы қабылданған күннен бастап бір ай ішінде мемлекеттік органға қайтарады.";

17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Ведомстволық наградаларды табыстауды орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы, ал сыртқы саяси қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органда мемлекеттік орган басшысы немесе оның тапсырмасы бойынша басқа да лауазымды адамдар жүргізеді.

18. Әрбір марапатталушыға ведомстволық наградаларды табыстаумен бір мезгілде осы Қафидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік органның аппарат басшысы, ал сыртқы саяси қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органда мемлекеттік орган басшысы қол қойған тиісті куәлік беріледі.";

"3. Ведомстволық наградалармен марапаттау негіздері" деген бөлімде:

"Статистика үздігі" төсбелгісі" және "Монополияға қарсы қызметтің үздігі" төсбелгісі" деген кіші бөлімдер алып тасталсын;

көрсетілген Қафидаларға 2-қосымшада:

"Жауапты хатшы \_\_\_\_\_ (қолы)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Аппарат басшысы \_\_\_\_\_ (қолы)";

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларының тізбесі мен сипаттамаларында:

"1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларының тізбесі" деген бөлімде:

"Төсбелгілер:" деген кіші бөлімде:

10-тармақ алып тасталсын;

"2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларының сипаттамалары (бұдан әрі – сипаттамалар) " деген бөлімде:

"Статистика үздігі" (57-қосымша) және "Монополияға қарсы қызметтің үздігі" (57-1 -қосымша) деген тараулар алып тасталсын.

**18. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2021 № 590 қаулысымен.**

19. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысында ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 55-56, 544-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ережеде:

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады.".

**20. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.**

21. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

21-тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының занамалық актілерінде көзделген жағдайларда аппарат басшысымен келісу бойынша ведомстволар басшыларының орынбасарларын лауазымға тағайындалды және лауазымнан босатады;";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы занамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады.".

22. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына шетелдік жұмыскерлерді тарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1198 қаулысында ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 89-90, 635-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына шетелдік жұмыскерлерді тарту қағидаларында:

7-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 075/у нысанындағы медициналық анықтаманы;";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы, ал сыртқы саяси қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органда – мемлекеттік орган басшысы, ал аппарат басшысы болмаған жағдайларда мемлекеттік органның басшысы үәкілетті комиссиямен келісу бойынша белгілеген лауазымға шетелдік жұмыскерді тағайындалды және шетелдік жұмыскермен оның алдына қойылған міндеттер қамтылатын еңбек шартын бір жылдан аспайтын мерзімге жасасады.".

**23. Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.07.2023 № 587 қаулысымен.**

24. "Үәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерді есепке алу мен жүйелеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 тамыздағы № 477 қаулысында ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2016 ж., № 44, 270-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Үәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерді есепке алу мен жүйелеуді жүргізу қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уәкілетті органдарда нормативтік құқықтық актілерді есепке алу мен жүйелу жөніндегі функцияларды аппарат басшысының, ал аппарат басшысы енгізілмеген мемлекеттік органдарда – мемлекеттік орган басшысының шешімімен айқындалған уәкілетті органның тиісті бөлімшесі немесе қызметкері (қызметкерлері) жүзеге асырады".

**25. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 560 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**26. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 560 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

27. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері турали" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандығы № 71 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2017 ж., № 6, 41-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі турали ережеде:

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады".

28. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері турали" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандығы № 81 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2017 ж., № 8, 46-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі турали ережеде:

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады".

29. Қызмет бабында пайдалану үшін.

30. "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге pilotтық режимде енбекақы төлеудің кейбір мәселелері турали" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 939 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2017 ж., № 68-69-70, 434-құжат):

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

пилоттық органдардың мемлекеттік әкімшілік лауазымдарын деңгейлер мен функционалдық блоктар бойынша бөлуде:

мына:

"

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жаупты хатшысы	15	-	-	-
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аппарат басшысы				

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аппарат басшылары	15	-	-	-
---	----	---	---	---

";

көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

Пилоттық органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне бонустар төлеу, материалдық көмек көрсету, сондай-ақ "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің лауазымдық айлықақыларына ұстемеақылар белгілеу қағидаларында:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Пилоттық органда Материалдық көмек көрсету мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қалыптастырылады. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары кіретін Комиссияның ережесі мен құрамы пилоттық орган басшысының, аппарат басшысының шешімімен бекітіледі. Комиссияның ұсынымдары материалдық көмектің мөлшері туралы шешім қабылдау үшін негіз болады.

4. Орталық атқарушы органның аппарат басшысының қызметін бағалау осы тұлға үшін орталық атқарушы орган басшысы бағалау жылының қаңтарында белгілейтін басымдықтардың негізінде жүзеге асырылады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Бонустар төлеу туралы шешімді:

1) "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үшін – пилоттық органның бірінші басшысы;

2) "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үшін:

пилоттық орган басшысы не оны алмастыратын адам;

пилоттық органның аппарат басшысы;

мемлекеттік қызметшілерді лауазымдарға тағайындау және лауазымдардан босату құқығы бар лауазымды тұлғалар қабылдайды.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Материалдық көмек көрсету:

1) pilotтық орган басшысының не оны алмастыратын адамның;

2) pilotтық органның аппарат басшысының шешімі бойынша жүргізіледі.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің лауазымдық айлықақысына үстемеақылар төлеу:

1) pilotтық органның басшысы не оны алмастыратын адамның;

2) pilotтық органның аппарат басшысының шешімі бойынша жүргізіледі.";

30-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Аппарат басшысы жетекшілік ететін В-1, С-1 санатындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді қоспағанда, В-1, С-1 санатындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілер үшін үстемеақылар төлеу және олардың мөлшері туралы шешімді осы Қағидалардың 29-тармағында көрсетілген тұлғалар pilotтық орган басшысының жетекшілік ететін орынбасарымен (болған жағдайда) келісу бойынша қабылдайды".

**31. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.04.2022 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

32. "Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2018 ж., № 23-24, 137-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларында:

3-тармақтың бірінші бөлігінде:

2) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік мекемелердің басшылары мен басшыларының орынбасарлары, орталық мемлекеттік органдардың аппарат басшылары, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кенесінің мүшелері, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің Бағыты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары мен Жоғарғы Сотының судьялары үшін тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу нормасы Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларында – тәулігіне айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен, облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда – айлық есептік көрсеткіштің жеті еселенген мөлшерінен және аудан орталықтары мен аудандық маңызы бар қалаларда және Ақмола облысы Бурабай ауданының Бурабай кентінде айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінен аспауға тиіс;";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) іссапарда болатын жерге және тұрақты жұмыс орнына кері қарай жол жүру бойынша (іссапарға жіберілген адамға әкімшілік тиісті қозғалыс құралын ұсынатын жағдайлардан басқа) көрсетілген жол жүру құжаттарының (жол жүру билеті мен отырғызу талонының, автобуспен жол жүрген кезде тек жол жүру билетінің) негізінде теміржолмен жүрген кезде – купе вагонының (жұмсақ дивандары төменде орналасқан, қалпын реттеу құрылғысы бар отыруға арналған жұмсақ креслолы екі орындық купе (ҰВ) вагондарды қоспағанда) тарифі бойынша; су жолдарымен, тас және топырақ жолдармен – сол жергілікті жерде қолданылып жүрген жол жүру құны бойынша; ерекше жағдайларда (Қазақстан Республикасынан тыс жерге іссапарға жіберілген жағдайда, транзитпен жүріп өткен кезде, аталған көлік құралдары болмаған немесе іссапар шұғыл болған кезде) орталық мемлекеттік органның аппарат басшысының, ал мұндай болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығына (өкіміне) сәйкес теміржол көлігімен жол жүрген кезде жұмсақ дивандары төменде орналасқан, қалпын реттеу құрылғысы бар отыруға арналған жұмсақ креслолы екі орындық купе (ҰВ) тарифтері бойынша және әуе көлігімен экономикалық класс тарифі бойынша; мемлекеттік органның басшысына, мемлекеттік орган басшысының бірінші орынбасары мен орынбасарларына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға теңестірілген тұлғаларға, орталық мемлекеттік органның аппарат басшысына, ал мұндай болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеме басшысына әуе көлігімен жол жүрген кезде экономикалық класс тарифі бойынша; Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының Төрағасына, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Төрағасының орынбасарларына, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің Төрағасына, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Төрағасының орынбасарларына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарларына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысына, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысына, оның бірінші орынбасарына және орынбасарларына, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңесінің Басшысына, оның орынбасарларына, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысына, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің Бастығына, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының көмекшілеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға теңестірілген тұлғаларға әуе көлігімен жол жүрген кезде "Бизнес" класс тарифі бойынша;";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мемлекеттік мекеменің басшысы, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының рұқсатымен мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары, орталық

мемлекеттік органның аппарат басшысы жақын аудан және облыс орталықтарына қызметтік автокөлікпен іссапарға жіберілген кезде көлік шығыстары;";

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызметкердің іссапар орнынан тұрақты жұмыс орнына құн сайын қайтып келе алуды-келе алмауы туралы мәселені әрбір нақты жағдайда қашықтықтың ұзақтығын, көлік қатынасының жағдайларын, орындалатын тапсырманың сипатын, сондай-ақ қызметкерге демалыс үшін жағдай жасаудың қажеттігін ескере отырып, іссапарға жіберілетін адам жұмыс істейтін орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы, ал мұндай болмаған жағдайда –мемлекеттік мекеменің басшысы шешеді.";

7-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы, Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы Кеңесінің Басшысы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы Кеңесі Басшысының орынбасарлары, Қазақстан Республикасының шетелдегі төтенше және өкілетті елшілері, Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Төрағасының орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Төрағасының орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқарушысы, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері, Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасының көмекшілері, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшілері, Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасының кеңесшілері, Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының бірінші орынбасары, Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының орынбасары, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық мемлекеттік органдардың басшылары, орталық атқарушы органдардың басшылары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының тұрақты комитеттерінің төрағалары, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы Кеңесінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Президенті тағайындастын орталық мемлекеттік органдар

басшыларының орынбасарлары, орталық мемлекеттік органдар басшыларының бірінші орынбасарлары және орынбасарлары, аппарат басшылары, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда үйымына (ДСҰ) кіруі жөніндегі келіссөздердегі Қазақстан Республикасының арнайы өкілі, Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық үйымымен (ЕҚЫҰ) ынтымақтастық мәселелері жөніндегі арнайы өкілі, Қазақстан Республикасынан Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссияның (Еуропалық Кеңестің Венеция комиссиясы) мүшесі қызмет бабындағы істер бойынша шетелге жол жүрген кезде көліктік шығыстар "Бизнес" класс авиабилетінің құны мөлшерінде шетелдік валютада өтеледі;";

5) тармақшада:

үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын, Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы Кеңесінің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын, Қазақстан Республикасының Президенті тағайындастын орталық мемлекеттік органдар басшыларының орынбасарларын, орталық мемлекеттік органдар басшыларының бірінші орынбасарларын және орынбасарларын, аппарат басшыларын, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда үйымына (ДСҰ) кіруі жөніндегі келіссөздердегі Қазақстан Республикасының арнайы өкілін, Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі үйымымен (ЕҚЫҰ) ынтымақтастық мәселелері жөніндегі арнайы өкілін, Қазақстан Республикасынан Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссияның (Еуропалық Кеңестің Венеция комиссиясы) мүшесін қоспағанда, осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген лауазымды адамдар үшін – люкс сыныптамасы бойынша қонақ үйдің бір орындық нөмірінің құны бойынша;

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы Кеңесінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары басшыларының бірінші орынбасарлары, орынбасарлары, орталық мемлекеттік органдардың аппарат басшылары, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда үйымына (ДСҰ) кіруі жөніндегі келіссөздердегі Қазақстан Республикасының арнайы өкілі, Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі үйымымен (ЕҚЫҰ) ынтымақтастық мәселелері жөніндегі арнайы өкілі, Еуропалық комиссияның (Еуропалық Кеңестің Венеция комиссиясы) мүшесі үшін – жартылай люкс сыныптамасы бойынша қонақ үйдің бір орындық нөмірінің құны бойынша;".

33. Ескерту. Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 862 қаулысымен.

34. Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 866 қаулысымен.

35. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2019 ж., № 26-27, 236-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережеде:

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады".

36. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2019 ж., № 28, 243-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі туралы ережеде:

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады".

37. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2019 ж., № 29, 248-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ережеде:

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады".

38. "Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 11-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы:

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің орынбасары;

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің аппарат басшысы (келісу бойынша);

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары (келісу бойынша);".

39. "Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 9 наурыздағы № 16-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жауапты хатшысы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі";

"Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)" деген жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жанындағы "Адалдық аланы" жобалық офисінің басшысы" (келісу бойынша).

40. "Заңнаманы жүйелеу және оны жаңғырту жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 тамыздағы № 102-ө өкімінде:

көрсетілген өкімге қосымшада:

Заңнаманы жүйелеу және оны жаңғырту жөніндегі комиссиясының құрамы:

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің аппарат басшысы (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары (келісу бойынша)".

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2021 жылғы 18 наурыздағы

№ 145 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 16 шілдедегі

№ 784 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тағайындаитын, онымен келісу бойынша немесе оның ұсынуымен тағайындалатын мемлекеттік саяси қызметшілер мен өзге де лауазымды адамдарды лауазымға келісу, лауазымға тағайындау және лауазымнан босату тәртібі туралы қағидалар**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (бұдан әрі – Премьер-Министр) тағайындаитын, онымен келісу бойынша немесе оның ұсынуымен тағайындалатын мемлекеттік саяси қызметшілер мен өзге де лауазымды адамдарды лауазымға тағайындау немесе лауазымнан босату туралы ұсыныстарды – тиісті мемлекеттік органның басшысы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің мемлекеттік қызметшілерін – Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы, өзге де лауазымды адамдарды тиісті ұйымдардың басшылары ұсынылып отырған тағайындау немесе босату себептері мен дәлелдерін, сондай-ақ тиісті лауазымға кандидаттардың біліктілік талаптарына сәйкес келуін көрсете отырып, жазбаша нысанда Премьер-Министрдің қарауына енгізеді.

Мемлекеттік немесе өзге де лауазымға тағайындау және/немесе тағайындауды келісу үшін ұсыныска:

- 1) кандидат деректерінің тиісті лауазымның біліктілік талаптарына сәйкестігі көрсетілген ұсыныс;
- 2) қағаз және электрондық тасығышта мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша түрлі-түсті суреті бар қызметтік тізім;
- 3) кандидаттың өтініші;
- 4) жеке күәліктің көшірмесі;
- 5) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парап;
- 6) өз қолымен жазылған өмірбаян;
- 7) білімі, берілген ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар туралы дипломдардың көшірмелері;
- 8) кандидаттың лауазымға орналасуы үшін арнайы тексеруден өткені туралы анықтама;
- 9) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінен анықтама;
- 10) "Б" корпусының орналасатын лауазымына қойылатын белгіленген тәртіппен бекітілген біліктілік талаптарының көшірмесі;
- 11) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының орынбасарлары лауазымына тағайындауды келісу кезінде конкурсстық комиссия

хаттамасының көшірмесі (бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс өткізілген жағдайда).

Мемлекеттік саяси қызметке жататын лауазымға ротациялау шенберінде тағайындауды келісу ресіміне қажетті құжаттар тізбесі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ротация жүргізу қағидалары мен мерзімдерінде, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдарында (бұдан әрі – Ротация жүргізу қағидалары) айқындалады.

Мемлекеттік немесе өзге де лауазымнан босату және/немесе босатуды келісу үшін:

- 1) болжамды босатудың нақты себептері мен дәлелдері көрсетілген ұсыныс;
- 2) мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган бекітken нысан бойынша түрлі-түсті суреті бар қағаз және электрондық тасығыштағы қызметтік тізім;
- 3) мемлекеттік қызметшінің өтініші;
- 4) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның шешімі (қажет болған кезде) ұсынылуы тиіс.

"А" корпузының мемлекеттік әкімшілік қызметіне жататын лауазымға ротациялау шенберінде тағайындауды келісу ресіміне қажетті құжаттар тізбесі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ротация жүргізу қағидаларында айқындалады.

Мемлекеттік немесе өзге де лауазымнан босату және/немесе босатуды келісу үшін:

- 1) болжамды босатудың нақты себептері мен дәлелдері көрсетілген ұсыныс;
- 2) мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган бекітken нысан бойынша түрлі-түсті суреті бар қызметтік тізім;
- 3) өтініш ұсынылуға тиіс.

Ұсынылған материалдар Премьер-Министр Кеңесінің Бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінде тіркеледі және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін Премьер-Министр Кеңесінің Кадр жұмысы бөліміне (бұдан әрі – Бөлім) дереу беріледі.

Тексеру жүргізілгеннен кейін ұсынылған құжаттар бір жұмыс күні ішінде Премьер-Министр Кеңесінің басшысының (бұдан әрі – Кеңсе Басшысы) қарауына беріледі, ол өз кезегінде тағайындауға немесе босатуға кандидаттар туралы Премьер-Министрге жеке баяндайды.

Мұндай құжаттарды қабылдау бөлмелерінің мамандары және Үкімет пен Премьер-Министр Кеңесі басшылығының көмекшілері арқылы беруге жол берілмейді.

2. Тағайындау не атқарып отырған лауазымнан босату ұсынылатын кадрларды Премьер-Министрдің немесе Кеңсе Басшысының тапсырмасы бойынша Премьер-Министрдің тиісті орынбасарлары және Премьер-Министр Кеңесінің бөлімдері алдын ала зерделеуі мүмкін. Лауазымға тағайындауды немесе лауазымнан босатуды келісу бойынша ұсынылған материалдарды талдау барысында

тағайындалатын немесе босатылатын лауазымды тұлғаның іскерлік және жеке қабілеттері оны Премьер-Министр Кеңсесіне әңгімелесуге шақыру арқылы зерделенеді, қосымша құжаттар сұратылуы мүмкін.

Қабылданған шешім туралы мемлекеттік органдарға хабарламаны Бөлім бір күн ішінде жібереді.

3. Премьер-Министрдің келісімін алған жағдайда Бөлім лауазымды тұлғаларды тағайындау немесе босату бойынша Үкімет қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдерін дайындауды.

Премьер-Министрдің тиісті келісімін алғанға дейін кандидаттарды лауазымға тағайындау немесе лауазымнан босату туралы шешім қабылдауға жол берілмейді.

4. Үкімет тағайындаудын не Премьер-Министрмен немесе оның тапсырмасы бойынша Кеңсе Басшысымен келісу бойынша тағайындалатын кадрлар бойынша келісу нәтижесі ұсынысқа Кеңсе Басшысының қарары түрінде ресімделеді және тиісті орталық атқарушы органға жіберіледі.

5. "Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Президентімен немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі (бұдан әрі — Президент Әкімшілігі) Басшысымен, Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысымен келісу бойынша тағайындалуы немесе босатылуы тиіс мемлекеттік қызметшілер мен өзге де лауазымды адамдар жөніндегі тиісті орталық атқарушы органның басшысы қол қойған және Бөлімге енгізілген ұсыныстар Кеңсе Басшысында және Премьер-Министрде алдын ала келісілгеннен кейін тағайындауға немесе қызметтен босатуға келісім беру туралы ұсыныс хатпен Президент Әкімшілігінің Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөліміне жолданады. Ол Президент Әкімшілігінде келісуді ұйымдастырады, содан кейін Бөлімге ұсынылып отырған не босатылатын кандидатура жөнінде жауапты хабарлайды.

Келісу рәсімі аяқталған соң лауазымға тағайындау не лауазымнан босату туралы дайындалған құжаттарды Кеңсе Басшысы Премьер-Министрге қол қоюға енгізеді.

6. Ротация шенберінде саяси мемлекеттік лауазымға және "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметтеріне жатқызылған лауазымға тағайындау Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ротация жүргізу қағидаларында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.